

## **Инвестициялық жекешелендіру қорлары мен олардың басқарушыларына лицензиялар беру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 шілде 1993 ж. N 636. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 қаулысының 3 тармағына және "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысымен бекітілген Инвестициялық жекешелендіру қорларының, осы қорлар басқарушыларының қызметіне лицензия беру және лицензиялардың күшін тоқтату және қайтарып алу тәртібі туралы Ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Инвестициялық жекешелендіру қорларына және олардың басқарушыларына лицензиялар беру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) мына құрамда құрылсын:

Дуберман Ю.Е. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, комиссияның төрағасы<\*>

Құттыбаева К.С. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жаппай жекешелендіру жетекші басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары<\*>

Махмутова Н.К. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жаппай жекешелендіру жетекші басқармасы купондық сауда бөлімінің бас маманы, комиссияның жауапты хатшысы<\*>

**Комиссия мүшелері:**

- Каирова В.К. - Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің макроэкономикалық көрсеткіштер және халық шаруашылығын талдау жөніндегі жетекші басқармасының бастығы
- Анцифиров В. Т. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті ұйымдық-әдістемелік басқармасының бастығы
- Жанғабаев К. А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің монополияға қарсы саясат меншігі бөлімінің бастығы
- Ивченко Е. А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Бағалы қағаздар басқармасының бастығы (келісімі бойынша)
- Қадырбеков Б. А. - Қазақстан Республикасы монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары
- Мұқашев Е. Д. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің экономикалық кеңесшілер тобының жетекшісі
- Говоров А.С. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің жаңа экономикалық құрылымдардың жетекші басқармасының бастығы <\*>

*Ескерту. Өзгерістер ҚРМК-нің 1993.10.19. N 1033, 1994 ж. 4 қазан, N 1106 және 1994 ж. 6 желтоқсан N 1378 қаулыларымен енгізілген.*

*Ескерту. Комиссия құрамына өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.26. N 1287 қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне құрылымдық бөлімшелерінің бірін Комиссия қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс органы ретінде белгілеу тапсырылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*